



Сабақтың тақырыбы:



**Жаратылыстану
пәндерін оқыту
әдістемесінің даму
тарихы, кезеңдері.**



Мақсаты:

Бастауыш сыныптарда қоршаған ортадан білім берудің революцияға дейінгі жай күйін түсіндіру. Кеңес кезінде алғашқы жаратылыстану оқулықтарын оқытыла бастаған кезі туралы және оны негізінен қандай мәселелерге көңіл аударылғандығы жайында ұғым беру.

Қарастырылатын сұрақтар

XVIII ғасыр –
жаратылыстану пәнінің
оқу пәні ретінде енгізілуі.
В. Ф. Зуевтің еңбектері,
әдістемелік ұсыныстары.

XIX ғасырдағы
жаратылыстану пәнін оқыту
әдістемесі бағытындағы
әдіскер ғалымдардың
еңбектері.

**Кеңес дәуірі.
Жаратылыстанудың
қазіргі
кезеңдегі дамуы.**

ҚР-ның ғалым әдіскерлердің
еңбектері.
Жаңа бағдарлама мен
оқулықтар, оқу-әдістемелік
кешендер.



Бастауыш сынып оқушыларына азды-көпті ғылыми дерекке сүйенген білім беру орыстың атақты әдіскер ғалымдарының еңбектері негізінде жалпы мектеп өмірінде жаратылыстануды оқытудың әдістемесі мен оқулықтарының шыға бастауымен байланысты болды.

1900- жылдары жаратылыстану гимназияның 1 - 2 сыныптарында ғана оқытылды. Бұл тұста В. В. Половцев, А. П. Павлов, И. И. Полянекий, Б. Е. Райковтардың әдістемелік құралдары шығып, олардың бәрі дерлік жаратылыстануды оқытуда практикалық сабақтар мен топсаяхаттың тиімділігін уағыздады.

Дүниетану



2


Бастауыш сыныптардағы жаратылыстануды оқытудың жүйесі А. Я. Гердтің еңбегі негізінде жүзеге асты. Яғни, бастауыш сыныпта тірі және өлі табиғат туралы білім бере отырып, олардың арасындағы байланысты, дүниенің біртұтастығын ұғындыруға баса көңіл бөлінді. Іс - тәжірибеде сөздік әдістен басқа бақылау, тәжірибе әдістері енгізілді. Сөйтіп, бастауышта жаратылыстануды оқытудың әдістемесі бойынша азды-көпті тәжірибе жинақтала бастады. Бұл бастауыш сыныпта табиғаттану пәнін оқытуды теориялық та, әдістемелік те жақтарынан байыта түсті.

Бірақ ескі діни пікір мен материалистік көзқарастың туындауы бұл екеуінің арасындағы қарама қайшылықтың туындауына әкелді.

Дегенмен, қоғамның дамуы, мәдениеттің өрлеуі және күнделікті ашылып отырған түрліше ғылыми жаңалықтар оқушыларға өздерін қоршаған ортадан материалистік түсінік беруді талап етті. 1900-жылы жаратылыстану мұғалімдерінің Бүкіл Россиялық I-съезі болды. Онда жаратылыстану пәндерін оқытуды мұнан былай мектеп қабырғасынан тыс қалдыруға болмайтындығын атап көрсетті. Міне осыған байланысты революцияға дейінгі кездің өзінде-ақ, бастауыш мектепте

жаратылыстануды оқыту жөнге қойыла бастады.

Дүниетану - оқу пәні. Әр пәнге арналған оқулық мазмұнының өзіндік ерекшелігі болатындығы сияқты, бастауыш сыныптарға арналған Шағын комплектілі бастауыш мектепте қоршаған ортаны оқыту теориясы мен технологиясы оқулығының да өзіндік ерекшелігі бар



3. Zeyev -



Ол ерекшеліктер:

- оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты тақырыптар мазмұнын ашатын материалдар көлемінің шағын, ықшам болуы;

- тақырып мазмұнының ғылымилығы, этикалық, эстетикалық жақтарының ұстамдылығы;

- оқулық тілінің
тұжырымдылығы,
нақтылығы,
айқындығы,
түсініктілігі,
әсерлілігі,
бейнелілігі;

- берілген мазмұн
оқушылардың ойын,
тілін дамытуға,
олардың сабақ
барысында өздігінен
жұмыс орындауына,
іс-әрекетіне түрткі
туғызуға сай болуы;

- берілген білім оқушылардың материалистік көзқарасын қалыптастыратындай деректі, нақты материалдарға негізделуге тиіс;
- берілетін білімнің оқушылардың өмір тәжірибесімен және қоршаған ортамен байланыстылығын қамтамасыз етуге қолайлылығы;
- қоршаған ортадан берілетін білімнің нақтылығы мен ғылымилығы;

- білім мазмұнының басқа пәндермен байланысы;

- берілетін білім көлемінің дүниенің біртұтастығын түсінуге жағдай жасайтындай болуы.

Дүниетану

Оқыту әдістемесі



Шағын комплектілі бастауыш мектепте қоршаған ортаны оқыту теориясы мен технологиясы пәні бастауыш сыныпта оқушыларға білім беруде ең негізгі педагогикалық құрал оқулық екеніне ешкім де күмән келтіре алмайды.

Оқулық мазмұны оқушыларды дамытудағы бірден-бір құрал екендігі ескеріліп, осыған сәйкес оқушыларды дамыта оқытуға жағдай жасау бағыттары күшейіп отыр.

Бұл мәселеге байланысты қазіргі таңда Ресей мектептерінде ауқымды эксперименттер қойылуда.

Солардың нәтижесінде бастауыш сыныптардағы оқулықтар мазмұнын өзгертіп қана қоймай, пән мазмұнын бірнеше бағытта түрлендіру тиімді деп есептеліп, оқушыларға дүниетанудан білім беруге байланысты бірнеше оқулықтар ұсынылған. Бірақ, оқулықтардың мазмұны әртүрлі бағытты қолдаудан туғандықтан, олардың оқыту мақсаты да өзгеріп, білім берудің мазмұн тұтастығы бұзылып отыр. Мысалы, Ресейде бір ғана 2-сынып үшін дүниетанудан білім беруге арналған үш түрлі оқулық жарық көрді. Олар: А. Казаковтың «География для 2-класса» (1996) оқулығы, Н. Ф. Виноградованың «Окружающий мир» (1995), А. А. Плещаковтың «Природоведение» оқулықтары. Енді осылардың мазмұнына қарасақ, әр автордың оқулық жазу барысында көздеген мақсатының әр түрлі екені байқалады.

OLX

Содержание: 6 кл., 100 страниц, 2017

ДИДЖИТАЛУ



4 КЛАСС

Содержание: 6 кл., 100 страниц, 2017

Сөйтіп, Ресейде бір ғана екінші сынып оқушыларына арналған бірнеше мазмұндағы оқулықтар жарық көріп, қоршаған ортадан білім беру әр бағытта жүруде. Автордың бірі бастауышта географияны оқытып, сол арқылы қоршаған ортамен таныстыру тиімді десе, енді бірі қоршаған орта дегеніміз - адам, табиғат, өсімдік, жануарлар сондықтан білім көзін осылардан бастау керек деп ұсынады. Оқулықтарға арналған әдістемелік нұсқауда да бұл материалдардың оқушыларды дамытудағы маңызын автор өз тұрғысынан дәлелдейді.

1997 жылдан бастап жаңа талап,
жаңа міндетке орай 1-4
сыныптарға арналған жаңа
оқулықтар жарық көре бастады.
Оқулықтарды Республикада
бұрыннан оқу-әдістемелік
проблемалармен шұғылданып
келген ғалым -әдіскерлер К.
Жүнісова, Қ. Аймағамбетова, Н.
Нұрахметов, З. Ф. Олейник т. б.
жазды.

2
СЫНЫП

ДҮНИЕТАНУ

Жұмыс дәптері

Blank writing area with four horizontal lines.



Оқулықтағы ғылыми материалдар оқытылатын курстың мазмұнын аша алатындай, оның жалпы және жеке заңдылықтарын түсіндіретін мағлұматтарды қамтитындай болуға тиіс. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда және олардың меңгерген білімге сенімінің артуында оқулық мазмұнының алатын орны

НА ЗАРЬИЦЫЗГА

РАХМЕТ!!!

Назарларыңызға рахмет!



Орындағандар: БҚЗ11 топ Тұрарова Фариза
Әлханова Әдемі
Сарсекулова Диляра
Орынбекова Маржан
Қыдырбай Жангүл
Түменбаева Айнур
Мекебаева Мөлдір
Қойгелдинова Арай